

“Гаухар” бөбекжай - бақшасы



“Әжемнің Ертегісі”

Дайындаған :Сараманова А

2025-2026 оқу жылы

«Әжемнің ертегісі»

Мақсаты:

Балаларды ертегі тыңдауға қызықтыру
Әжеге деген құрмет, мейірімділікке тәрбиелеу

Қиялын, сөйлеу тілін дамыту

Қажетті құралдар:

Әже образы (орамал, камзол)

Кітап немесе ертегі сандығы

Жұмсақ кілем, жастықтар

Кейіпкерлер маскалары

Өту барысы:

1. Шаттық шеңбері

Тәрбиеші:

– Балалар, бүгін біз ерекше қонақ күтеміз. Ол кім екен?
(Есік қағылады, әже кіреді)

Балалар:

– Әжеее!

2. Әжемен танысу

Әже:

– Сәлеметсіңдер ме, балаларым! Мен сендерге ертегі айтып беруге келдім.
– Ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?

Балалар:

– Иә!

3. Ертегі айту

Әже:

– Онда тыңдаңдар...

Қысқа ертегі (мысалы): «Қызыл телпек»

Әже ертегіні мәнерлеп айтады, кей жерінде балаларды қатыстырады:

– ҚЫЗЫЛ ТЕЛПЕК қайда кетті?

– Қасқырға не деді?

(Балалар жауап береді)

Сахналау

– Тәрбиешілер кейіпкерлерді бөліп алады:

(Қызыл телпек, Қасқыр, аңшы, әже)

– Қысқаша сахналық көрініс қояды

Қорытынды

Әже:

– Балаларым, ертегі сендерді қандай болуға үйретті?

Балалар:

– Жақсы, ақылды болуға!

Әже:

– Жарайсыңдар! Әрқашан үлкендерді сыйлап, жақсы бала болыңдар

Балалар әжемен қоштасады, алғыс айтады.